

Пайдаланушының нұсқаулығына қосымша

Gigabyte қуат блогы

Үлгісі: GP-P450B / GP-P650B

Құрылғының мақсаты

Жүйелік блоктың қуат блогы желі кернеуін түрлендіру арқылы компьютердің барлық компонентін электр энергиясымен қамтамасыз етуге арналған. Қуат блогы тұрақты әрі өнімді жұмыс істеуі үшін, төменде көрсетілген нұсқауларды ұстаныңыз, сонда қателер шықпайды және өнімнің қызмет ету мерзімі ұзарады.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғыны монтаждау (орнату) әдісі пайдаланушы нұсқаулығында жазылған.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын ғимаратында өндірушінің қаптамасына салып, +5 °C-тан +40 °C-қа дейінгі температурада және 80 %-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Ғимарат ішінде коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақау анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.

Техникалық сипаттамалары

Моделі	Тұрақты ток кірісі	Тұрақты ток шығысы					Максимальды жүктеме
		+3,3 В	+5 В	+12 В	-12 В	+5Vsb	
GP-P450B	100-240 В	18 А	15 А	36 А	0,3 А	3 А	450 Вт
	50-60 Гц 4-8 А	103 Вт		432 Вт	3,6 Вт	15 Вт	
GP-P650B	100-240 В	18 А	25 А	54 А	0,3 А	2,5 А	650 Вт
	50-60 Гц 4-8 А	108 Вт		648 Вт	3,6 Вт	12,5 Вт	

Қосымша ақпарат

Өндіруші: ГИГА-БАЙТ ТЭКНОЛОДЖИ КО., ЛТД.

Баоцян тас жолы 6, Синьдянь ауданы, Нью-Тайбэй қ. 231, Тайвань.

Өндіріс филиалы: НИНБО ГИГАБАЙТ ТЭКНОЛОДЖИ КО., ЛТД.

№ 9, Чунань 2 тас жолы, Батыс Облыс, Нинбо Еркін Сауда аймағы, Бэйлунь, Нинбо қ., Чжэцзян пров, Қытай.

Қытайда жасалған.

Өндірушінің өкілетті тұлғасы: «Новый Ай Ти Проект» ЖШҚ.

115487, Ресей, Мәскеу қаласы, Нагатинская көшесі, 16-үй, 9-ғимарат, VII корпус, 15-корпус, 5-кеңсе.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорртаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

ТР ТС 020/2011 «Техникалық құралдардың электр-магниттік сәйкестігі»;

ТР ТС 004/2011 «Төмен кернеулі жабдықтың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық Экономикалық Одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>



Кепілдік мерзімі: 36 ай.

Өндірілген күні қаптамада жазылған.


GIGABYTE™

**Қуат беру
блогы бойынша
нұсқаулық**

Қуат беру блогы бойынша нұсқаулық

Орнату

1. Корпустың бүйірлік панелін бұрыңыз және ашыңыз.
2. Қуат беру блогын төменде көрсетілгендей орнатыңыз.



3. Motherboard (20+4 Pin) және CPU (4+4 Pin) ағытпаларын аналық тақшаға қосыңыз.
4. Басқа ағытпаларды, мысалы, PCI-E (6+2pin), SATA және Molex қуат беру блогынан жүйе компоненттеріне қосыңыз және олардың барлығының жақсы қосылғандығына көз жеткізіңіз.
5. Корпусты жабыңыз және бұрандаларды бұраңыз.
6. Электр желісінен қуат беру кабелін қосыңыз және қуат көзін қосыңыз.

Сақтық және ескерту шаралары

- Қуат беру блогын орнатқан кезде одан қуат көзін ажыратыңыз немесе қуат беру кабелін желіден ажыратыңыз.
- Қуат беру блогын қосудың алдында қуат беру көзінің дұрыс және тұрақты жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Қуат беру блогы қосылған кезде қуат беру кабелін қоспаңыз және ажыратпаңыз. Бұл компоненттердің елеулі зақымдалуына алып келеді.
- Қоршаған ортаның ылғалдылығы және температурасы жоғары болған жағдайда қуат беру блогын пайдаланбаңыз.
- Қуат беру блогында жоғары кернеу болады, сондықтан оны тек техникалық қызмет көрсету бойынша уәкілетті маман ғана ашуға құқылы.

- Берілген нұсқаулықта аталған кез келген ескерту және сақтық талаптарын орындамаған жағдайда барлық кепілдіктер мен кепілдік міндеттемелер жойылатын болады.
- Егер қуат беру блогы тиісінше жұмыс істемейтін болса, біздің клиенттерге қызмет көрсету бөлімімізге жүгініңіз.

Ақаулықтарды іздеу және жою

Егер қуат беру блогын орнатқаннан кейін компьютер тиісінше жұмыс істемей тұрған болса, төменде келтірілгендей ақаулықтарды іздеу және жою бойынша нұсқаулықтарды орындаңыз:

1. АС қуат көзінің дұрыс қосылғандығына көз жеткізіңіз.
2. Motherboard 20+4pin ағытпалары мен CPU 8 pin ағытпаларының аналық тақшаға дұрыс қосылғандығына көз жеткізіңіз.
3. Егер қуат беру блогы бұрынғыдай дұрыс жұмыс істемей тұрса, кейінге қалдырмай біздің клиенттерге қызмет көрсету бөлімімізге жүгініңіз.

Кепілдік

GIGABYTE сатып алу күнінен бастап қуат беру блогының қондырғысына шектеулі кепілдік береді және бұл құрылғыда материалдар ақаулықтарының және зауыт ақаулығының жоқ екендігіне кепілдік береді. Сатып алғанды растайтын түбіртекті сенімді жерде, міндетті түрде сақтаңыз.

Бұл бұйым тек компьютерде пайдалануға арналған және оны мақсатынан тыс пайдалану кепілдікті жоюға алып келеді. Егер сіз қуат беру блогын орнатудың қалай орындалатындығын білмейтін болсаңыз, сәйкес біліктілігі бар техникалық мамандардың көмегіне жүгініңіз. Кепілдік қалыпты пайдалану шарттарында орын алған залалға таралады және құрылғы нашар пайдалану, өзгерістерді енгізу, дұрыс емес пайдалану, ұқыпсыздық, дұрыс емес қуат беру кернеуі, ауаның/судың ластануы және апаттар мен дүлей апаттардың нәтижесінде зақымдалған болса, жойылатын болады.